

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУ

*Темірханова Г.Ф. -А.Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік университетінің
6М020500-Филология мамандығының 2 курс магистранты*

*Берденова С.Ж. -п.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік
университетінің гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің деканы*

Мақалада студенттің сөздік қорын дамыту негізінде өз ойын дұрыс, жүйелі айтып беруге, сөйлей білуге үйретеді. Сондықтан студенттердің сөйлеу, пікір алысу, ой-пікірлерін анық, нақты түрде ауызша және жазбаша жеткізу дағдысы қалыптасады. Өскелең ұрпақтың тілді дұрыс пайдалануы, оның сөздік қорына тікелей байланысты екені және тіл бірлігін сақтап, ұғынуға, тануға мүмкіндік тудырады. Сөздік қор тілдегі сөздерді ғасырлар бойы сақтай отырып, тілдегі жаңа туынды сөздер мен жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болады. Сөздердің негізгі сөздік қорда кең қолданылуы мен ұзақ сақталуы олардың сөз жасау қабілетін дамыта түседі. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру студенттерге өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәтінмен жұмыс жасау барысындағы сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Мәтінмен жұмыс жасаудың ерекшелігі: ол тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында қарастырылып, өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер, эссе және оқу арқылы студенттің тілі дамиды.

Кілтті сөздер: сөздік қор, грамматикалық құрылысы, эссе, өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер, оқу-тәрбие жұмысы.

РАЗВИТИЕ РЕЧИ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

*Темірханова Г.Ф. - магистрант 2 года обучения специальности 6М020500 – Филология,
Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова*

*Берденова С.Ж. – к.п.н., доцент, декан гуманитарно-социального факультета Костанайского
государственного университета им. А. Байтұрсынова*

В статье говорится, о том, как развивая словарный запас студентов, научить их правильно выражать мнение. Основываясь на дискуссии, выражения мнения устно и письменно у студентов развивается речь. Подрастающее поколение должно правильно использовать язык, а это напрямую зависит от словарного запаса и сохранения языковой единицы, для того чтобы понимать и говорить. Словарный запас, веками сохраняя слова, является ядром появления новых значений и производственных слов в языке. Обширное пользование и длительная сохранность слов в основном словарном запасе развивает в них способность словосочетания. Владение языком, его грамматическим строением дает возможность студентам высказать свои мнения, делать заключения, различать множественную связь между вещами и событиями. Также словарная работа при работе с текстом дает материал для составления предложения, помогает для связки слов при разговоре, общению и при написании сочетания. Особенность работы с текстом: он рассматривается во всех сферах учебно – воспитательных работ также как и остальные виды языкоразвивающей сферы, через стихотворения, рассказы, басни, пословицы и поговорки, эссе и чтение развивается язык студента.

Ключевые слова: словарный запас, грамматическое строение, эссе, стихотворение, рассказ, басня, пословицы и поговорки, учебно – воспитательная работа.

DEVELOPMENT OF SPEECH SKILLS OF STUDENTS AT LESSONS OF THE KAZAKH LANGUAGE

G. F Temirkhanova- is magister 2 years by speciality 6M020500- Philology, Kostanai State University by A. Baitursynova

S.J. Berdenova – candidate of pedagogical sciences, associate professor, Dean of the humanitarian-social faculty of Kostanai State University by A. Baitursynov

This article is about the student's vocabulary, how to teach them to express their opinions right way. During the discussion or by expressing an opinion in written or oral form students can develop their speech. The young generation should use the language correctly, and it directly depends on vocabulary, in understand and speak. Centuries ago vocabulary words keep in language in the main new words and new phrases. The developing vocabulary use widespread and long. The students learn language in it'sgrammatical system to speaking student's opinion, asking and conclusioning. However, vocabulary words help and work with, texts, make sentence, associate words, speak story and write an essay. Work with text have difference: developing language, use a various types of studying and upbringing presents song, story, example, proverbs and developing of students abilities.

Key words: vocabulary words, grammatical structure, essay, song and studying – upbringing works.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты Қазақстан халқына жолдауында «... біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтыны...» баса атап көрсетілген болатын [1]. Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты – жан-жақты дамыған алдыңғы қатарлы елдермен теңесу, оған жетудің басты жолдарының бірі әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Бұл республикамыздың ертеңгі қажетін өтейтін, елін, жерін сүйетін, отаншыл, адамгершілігі мол, білімді, парасатты, ана тілін, туған жерін қастерлей білетін азамат өсіруде ұстанатын басты құралымыз бағзы заманнан бері ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегіне айналған халық дәстүрлері, халық ауыз әдебиеті, ақын-жазушыларымыздың таңдаулы туындылары болуын міндеттейді. Тілдің негізгі элементі-сөздік қор. Ал сөздік қор дегеніміз-тілдің құрамының ішіндегі ең тұрақты, талай ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан, жалпы күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын халыққа ортақ сөздер жиынтығы. Сөздік қорын дамыту мәселесі – отбасынан, балабақшадан, мектеп қабырғасынан дамып, өмір бойы толығып, күрделеніп, отыратын сала.

Тілдің негізгі сөздік қоры-тілдің сөздік құрамының ең тұрақты бөлігі. Сөздік қор тілдегі сөздерді ғасырлар бойы сақтай отырып, тілдегі жаңа туынды сөздер мен жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болады. Сөздердің негізгі сөздік қорда кең қолданылуы мен ұзақ сақталуы олардың сөз жасау қабілетін дамыта түседі. Сөздік қордың тіл бірлігін сақтап, көне дәуір әдеби ескерткіштерін ұғынуға, тануға мүмкіндік тудырады. Біздің ана тіліміз, қасиетті қазақ тілі өзінің мемлекеттік мәртебесін абыроймен атқарып, міндет жүгін қиналмай көтере алатын аса бай, оралымды сұлу тіл. Өскелең ұрпақтың тілді дұрыс пайдалануы, оның сөздік қорына тікелей байланысты екенін көреміз. Қазіргі кезде студенттердің сөздік қоры жылдам қарқынмен дамып келе жатыр. Студенттер білім негіздерін бастауыштан алатыны белгілі. Сондықтан мектептерде тілді оқыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Ал ғалым М.Жұмабаевтың айтуы бойынша «баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, байытатын мектеп» болып табылады [2].

Тіл арқылы балаға барлық ғылым негіздері үйретіледі. Тілді оқыту бала алғаш мектепке келген кезден бастап жүргізіледі. Бұл кезде мұғалімнің алдына екі міндет қойылады. Бірі тілдің әдеби нормасы бойынша білім беру, яғни оқушыға орфоэпиялық және орфографиялық дағдыларды меңгерту, екіншісі – сөздік қорын молайту, сөздерді дұрыс тіркестіріп, қолданылуын игерту, яғни оқушыны әдеби тілі арқылы қарым-қатынасқа даярлау. Сонымен бірге ол баланың білімді болуының алғы шарты сөздік қордың мол болуына байланысты дей келе, сөздік қорын молайту мәселесін тіл дамыту, әдеби тіл нормасында сөйлеу мәдениеттерімен қатар қояды. Мәселен, Ш.Уақбаев: сөздік қорын молайту, сөздерді өз орнымен қолдана білуге, жаттығу оларды өзара байланыстырып, сөйлем құрастыруға төселдіру, орфографиялық ережелерді дұрыс меңгертіп, нақтылай отырып: «Баланың сөздік қоры мектепке келісімен-ақ бірден байып, дамып кетпейді. Бұл – өте ұзақ, күрделі үдеріс. Оқушының неғұрлым сөздік қоры көп болып, ойлау қабілеті жақсы жетілсе, білімді терең де тез үйренеді», -деп, осы мақсаттарға жетудің бір жолы лексикалық білімді игерту екендігін атап көрсетеді [3]. Қазіргі Қазақстан жағдайында өзгетілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты - мемлекеттік тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, мемлекеттік тілді жүйелі меңгерген, дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Бұл мақсатты орындау үшін танымдық және практикалық бағыттағы жұмыстар

жүргізіледі. Бұл жұмыстар студенттің ана тілінде алған лингвистикалық дүниетанымын негізге ала отырып, Қазақстан азаматтарының өмірінде және қоғам өмірінде мемлекеттік тілдің алатын орнын анықтауға және студенттерге мемлекеттік тілдің маңызын түсіндіруге бағытталады. Ол үшін қазақ тілін меңгерудің жаңа тәсіл, жолдарын қолдану, әлемдік педагогика және дидактика ғылымдарында қолданыс тауып отырған жаңа технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Жалпы, кез-келген адам қай тілде оқып, қай тілде сөйлесе де, өзінің сөздік қорын молайтып отырса ғана сөйлеу мәдениеті жоғары, білімді азамат болып қалыптасады. Сөздік қоры бай адам ғана өз ойын басқаларға толық, нақты, анық жеткізе алады, ондай адаммен пікірлесу де қызықты. Олар өз ойын жеткізуде қажетті сөзді де оңай таңдайды. Сондықтан тіл дамыту жұмыстарының, сөздікпен жұмыстың қазақ тілі сабақтарында маңызы зор екені анық. Тіл үйренуші жаңа сөздерді күнделікті өмірде, қарым-қатынаста қолданып, белсенді сөзге айналдыруы тиіс. Сонда ғана жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік тілді тіл үйренуші ана тілімен және шетел тілімен қатар қолданып, қарым-қатынас тілі ретінде пайдалана алады. Студенттің сөздік қоры тек сабақ үстінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да толығып отырады. Ол үшін қазақша сөйлеу ортасын қалыптастыру керек, қазақша қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызу керек. Осы ретте тіл үйірмелері мен мәнерлеп оқу үйірмелерінің маңызы зор.

Тіл үйренушінің сөздік қорын дамыту - жан-жақты жұмыс. Бұл ретте оларды дайын сөздіктермен жұмыс істеуге үйретудің де маңызы зор. Сөздікті пайдаланып үйренген студент кездескен таныс емес сөзді елеусіз қалдырмай, оны түсінуге тырысады, ол үшін сөздікке жүгінеді. Сондықтан, әсіресе, қостілдік сөздіктердің өзгетілді дәрісханалар үшін маңызды құрал екені анық. Олардың тіл үйренудің бастапқы кезеңдеріндегі қажеттілігі дау тудырмайды. Өкінішке орай, кейін тіл үйренудің орташа және жоғары кезеңдерінде жаңа сөздерді меңгерту құр жаттау, сөздік арқылы аудару жұмыстарын ғана қамтып, студенттерді жалықтырып жібереді. Мұндай жағдайда олардың сөздік қоры байымай, тіл үйренуде айтарлықтай қиындықтар туады. Сондықтан орта және жалғастырушы топтарда қостілдік сөздіктермен ғана шектелмей, қазақ тілінің түсіндірме, орфографиялық, орфоэпиялық, антонимдер, омонимдер, синонимдер, т. б. сөздік түрлерімен жұмыс түрлеріне үйрету керек. Сонда ғана жаңа сөздер әрқашан белсенді қолданыста болмақ. Сөздіктермен жұмыс істеу үшін әуелі олардың жасалу мақсатын, пайдалану жолдарын, құрылысын білген жөн. Сөздіктермен жұмыс жасамас бұрын өзге тілді тіл үйренушіге қазақ әліпбиіндегі әріптердің тізілу ретін жақсы білумен қатар, жүйелі берілген сөздер ішінен қажетті атауды сондай ретпен табуға болатыны, белгілі бір сөзді іздегенде, бастапқы екі әрпіне, одан кейін үшінші-төртінші әріптеріне қарап табуға болатыны түсіндіріледі. Әрине, мұндай түсіндіру жұмыстары оларға бұрын орыс тілінде берілуі де мүмкін. Алайда біздің қазақ тілінде берген мәліметіміз студенттерді қазақ сөздіктерін тиімді пайдалануға үйретері сөзсіз.

Тіл үйренушілердің қазақша сөйлеу тілін мамандықтарына сәйкес жетілдіру мақсатында лексика басым бағытта меңгертіледі. Студенттерді мамандықтарына бағыттап оқыту – болашақ мамандардың қазақ тілін сауатты біліп шығуы үшін ұтымды тәсіл болып табылады. Мамандыққа қатысты тілді меңгертуде әдістемелік оқу құралдарының да басты орын алатыны белгілі. Онда мамандыққа бағыттап оқытудың жүйесі мен мақсаты белгіленіп, міндеті айқындалады. Өмір талабына сай мұндай әдістемелік оқу құралдарын мақсатқа сай толықтырып, жетілдіріп отырған дұрыс. Сондай-ақ тіл үйренушілердің талап-тілегі ескеріліп, оқытушы өз тарапынан тәжірибесін байытып отырады. Бұл тілді үйретудің мақсатына жетудегі басты көмекші құрал болып табылады. Сонымен қатар, қазақ тілі сабағында өзі оқитын оқу орнының тарихына арналған және мамандығына қатысты мәтіндермен жұмыс жасап, болашақ мамандығына құрметпен қарауға тәрбиелеу ісі басты мақсаттарымыздың бірі.

Профессор М.Балақаев «Тіл мәдениеті дегеніміз сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық, сауаттылық» – дейді [1,17 б.]. Егер тіл мәдениеті үлкен арна болса ауызекі және жазба тіл – соның басты салалары. Студенттердің сөздік қорын дамыту үшін ең бастысы оның ой – өрісін, тіл байлығын дамыту қажет. Студент оқыған мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмыстарының жүргізілуін мұқият қадағалау қажет, яғни мәтінде студентке түсініксіз бірде-бір сөз болмауы қажет. Студент жаңа танысқан сөздерін ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, ол оның ақыл-ойын дамытуға ықпал етеді. Сөзді орынды қолданып, оның мағынасын жетік білетін студент өз бетімен сөйлем құрап, оның мағынасын түсініп, сөйлеу тілінде шебер қолданатыны сөзсіз. Студентті өз ойын айта білумен бірге жаза білуге де дағдыландыру қажет. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген студент сөз тіркесін дұрыс біліп, сөйлем құрастыра алады.

Студенттердің тілін дамыту негізінде сөздік қорын дамыту, жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс, жүйелі айтып беруге, сөйлей білуге үйретуді мақсат тұтамыз. Осы үш процесті күнделікті өтілетін грамматикалық тақырыппен байланысты, біртұтас жүргізіп отыру нәтижесінде тіл дамыту жұмысы мақсатына жетеді. Оқытушы сөз тіркесін және сөйлемді құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, әсіресе синонимдік қатарларды, сөзді талғап, таңдап қолдануға үйретеді. Сонда ғана тіл үйренушінің жазған мазмұндамасы мен шығармасы талапқа сай болып, жазба тілі дамиды. Ауызша тіл кітап оқу, әңгімелеу арқылы

көрінесе, жазбаша тілді дамыту мазмұндама, шығарма, жазу жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Бұл жұмыстардың қайсысы болсын, сөз арқылы дәл ойлауға, үйретуге, студенттің шығармашылық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. Ауызша және жазбаша (мазмұндама, шығарма) жұмыстарын дидактикалық ұстаным талаптарына сәйкес студенттің ойы мен тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Ш.Ш.Сарыбаев сөздік қорды жинау, байыту үшін оқушы сөздерді түсінбей жаттап алмауы керек деп санайды [1,87 б.]. Ол дұрыс, өйткені сөздер тез ұмытылады. Әдіскер ғалым сөздерді үйрету табиғи жағдайда оқушының есту, көру, сезіну, сияқты қабілеттерін түгел қатыстыру арқылы іске асуы қажет деп дәлелдеген. Мысалы; мағынасы жақын сөздерді тану, қарама-қарсы сөздерді ілу өздері білетін сөздерді мағынасын жақсы түсінуінің ерекшеліктерін ажырата алуға дағдыландыру мәселесін ғалым арнайы сөз еткен. Сөз байлығы-қоғамның байлығы, әр тұлғаның байлығы. Сондықтан да студенттердің сөздік қорын байыту мақсатында мәтінмен жұмыс жүргізудің маңызы зор. Сөз байлығының жетіспеушілігі студенттердің өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі жеткізуі барысында қиындық тудырады. Студенттің ойлау қабілетін жетілдіріп, тілін байытудың жолдары жетікілікті.

Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол – сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Солардың бірі – мәтінмен жұмыс жасау. Мәтінмен жұмыс жасау барысындағы ең басты міндеттердің бірі – студенттердің үйренген сөздерінің белсенділігін арттыру. Ол үшін әр сабақ сайын жүйелі түрде арнайы тапсырмалар берілуі қажет. Мәселен, жаңа сөздерді қатыстырып сөз тіркестерін құрау, сөйлем құрау; мәтінге жақын мазмұнда әңгімелеу. Мәтінмен жұмыс жүргізу студенттің жаңа сөздер үйренуде бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздерінің мағынасын анықтауда маңызы өте зор. Сөздік қорды дамытудың қайнар көзі - мәтіндер, жаттығулар, тапсырмалар. Сонымен қатар сөз маржаны ауыз әдебиет үлгілері мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар болып табылады. Сондай-ақ мәтінмен жұмыс жасау барысындағы сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Мәтінмен жұмыс жасаудың ерекшелігі: ол тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер, эссе және оқу арқылы студенттің тілі дамиды. Мәтінмен жұмыс студенттің сөздік қорын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру студенттерге өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында тапсырмаларды бірізділікпен және жүйелі түрде орындату арқылы студент жетістігіне қол жеткізуге болады. Қорыта айтсақ, мамандыққа байланысты мәтіндер студентке мамандық туралы қосымша мағлұмат берумен бірге, студенттің тілін дамытып, сөздік қорын байытады да, белсенді сөздік қорына айналады.

Қазіргі таңда қазақ тілінің қоғамдық қарым-қатынастың барлық саласында қолдану аясын барынша кеңейту міндеті қойылып отыр. Ана тілінде дұрыс сөйлеп, сауатты жаза білу кез-келген тұлғаның азаматтық парызы болып саналады. Халқымыздың тарихи асыл мұрасы тілді болашақ ұрпаққа жеткізу, олардың сана – сезімдерін, дүниетанымын кеңейтіп, ой дәлдігі мен сөз жүйелігіне, тіл тазалығына төселдіру аса игі іс болып табылады. Мұндағы көзделген басты мақсат – студентті сөйлеу мәдениетіне үйретіп, шешен де шебер сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сондықтан мәтінді талдауға байланысты жүргізілетін жұмыс түрлерін бір жақты ұйымдастырмай, студенттердің сөйлеу, пікір алысу дағдыларын ұштау болып табылады. Сондықтан да тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыр студенттердің ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттырудың бірден-бір тиімді жолы. Олай болса, тіл дамыту дегеніміздің өзі студенттердің сөз байлығын арттырып, әр сөзді орынды қолдану.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан – 2030» барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы, 2002. – 96 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. А: Жазушы, 1989. – 448 б.
3. Уақбаев Ш. Бастауыш кластарда ғылым негіздерін оқытудың кейбір ерекшеліктері. – А: РБК, 1992. – 49 б.
4. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – А: Өлке, 2005. - 136 б.
5. Жапбаров А. Оқушылардың сөздік қорын байыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 252 б.
6. «Ана тілі» бағдарлама – Алматы, 2003.
7. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері.- Алматы: Қазақстан, 1965.-186 б.

8. Сарыбаев Ш.Ш. Жастардың сөздік қорын байытудың кейбір мәселелері. //«10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития» атты халықаралық ғылыми конференция. – Алматы, 2001. – 87-89 б.

References:

1. Qazaqstan Respwblıkası Prezıdenti N.Ä.Nazarbaevtiñ Qazaqstan xalqına Joldawı: «Qazaqstan – 2030» barlıq qazaqstandıqtardıñ ösip-örkendewi, qawipsizdigi jáne äl-awqatınıñ artwı. – Almatı, 2002. – 96 b.
2. Jumabaev M. Şıǵarmaları: Öleñder, poémalar, qara sózder. A: Jazwşı, 1989. – 448 b.
3. Waqbaev Ş. Bastawışklastardaǵılımnegizderinoqıtwdıñkeybirerekşelikteri. – A: RBK, 1992. – 49 b.
4. Raxmetova S. Qazaqtilinoqıtwdıstemesi. – A: Öлке, 2005. - 136 b.
5. Japbarov A. Oqwşılardıñsözdikqorınbayıtaoqıtwdıñılimi-ädistemeliknegizderi. – Almatı: Arıs, 2007. – 252 b.
6. «Ana tili» baǵdarlama – Almatı, 2003.
7. Balaqaev M. Qazaqtiliniñmädeniетiniñmäseleleri.-Almatı: Qazaqstan, 1965.-186 b.
8. Sarıbaev Ş.Ş. Jastardıñsözdikqorınbayıtwdıñkeybirmäseleleri. //«10 let nezavisimostiKazaxstana: itogı i perspektivirazvitiya» attıxalıqaralıqǵılımikferenciya. – Almatı, 2001. – 87-89 b.

Автор туралы мәлімет

Темірханова Гүлім Фазылбекқызы - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің 6М020500-Филология мамандығының 2 курс магистрант Қостанай, Байтұрсынов к. 47, тел. 87027087775, e-mail: gulimtemirhanova@mail.ru

Берденова Сәуле Жалғасқызы -п.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің деканы, Қостанай, Байтұрсынов к. 47, тел. 87773791580, факс:+7 (7142) 511144, e-mail: berdenova_saule@mail.ru

Темірханова Гулим Фазылбековна - магистрант 2 года обучения специальности 6М020500 – Филология, Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова, г. Костанай, ул.Байтұрсынова 47, тел. 87027087775, e-mail: gulimtemirhanova@mail.ru

Берденова Сауле Жалғасовна – к.п.н.,доцент, декан гуманитарно-социального факультета Костанайского государственного университета им. А. Байтұрсынова г. Костанай, ул.Байтұрсынова 47, тел87773791580, факс:+7 (7142) 511144, e-mail: berdenova_saule@mail.ru

Temirkhanova Gulim Fazilbekovna. is magister 2 years by speciality 6M020500- Philology, Kostanai State University by A. Baitursynova Kostanai, Baitursynovast. 47, phone: 87027087775, e-mail: gulimtemirhanova@mail.ru

Berdenova SauleJalgasovna- candidate of pedagogical sciences, associate professor, Dean of the humanitarian- social faculty of Kostanai State University by A. Baitursynov,Kostanai, Baitursynovast. 47, phone: 87773791580, факс:+7 (7142) 511144, e-mail: berdenova_saule@mail.ru